«Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының Абай атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №2 имени Абая города Степняк отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области

Приказ

«14».04. 2023 № 02-16/51

Степняк қаласы

г. Степняк

2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуір күнгі №172 бұйрықтарына, аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі №06-05/77 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - **2023 жылғы 31 мамыр;**
2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - **2023 жылғы 02 маусым - 13 маусым аралығында;**
3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - **2023 жылғы 05 маусым - 19 маусым аралығында.**

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - **2023 жылғы 2 маусым;**
2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - **2023 жылғы 6 маусым;**
3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан

(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - **2023 жылғы 9 маусым;**

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – **2023 жылғы 13 маусым;**

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – **2023 жылғы 5 маусым;**

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – **2023 жылғы 8 маусым;**

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – **2023 жылғы 12 маусым;**

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – **2023 жылғы 15 маусым;**

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – **2023 жылғы 19 маусым.**

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.
4. Мектептің 9-11 сыныптарда қорытынды аттестаттауға жауапты мұғалімдер және ассистенттер тағайындалып, емтихан мерзімдері кестесі дайындалсын.
5. Оқу ісі орынбасарлары Г.Базарбайқызы мен А.С.Жупусоваға оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры Р.Г.Абуов